

«Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Атбасар қаласының
«Алтын бесік» бөбекжайы» МКҚК
менгерушісі Төлғамбаева Ж.Е.
«09» 09 2022-2023 оқу жылы

**Логопедтік « Еркемай» тобының 2022-2023 оқу
жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Логопедтік «Еркемай» тобы

Балалардың жасы: аралас (3-4 жастағы)

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы

Қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту , дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру</p>

		<p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну .</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету .</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Суреттерді, заттарды қарастыруда, әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау .Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау.</p>
Көркем әдебиет		<p>Оқу әңгімелеу Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарастырады.</p> <p>Мәнерлеп оқу қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Мазмұндау Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп айтуға баулу.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға булу.</p> <p>Моралдық нормалдар түсінігі ересектермен және құрдастармен қарым қатынас .</p>
Математика негіздері		<p>Көп «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Саны, себі 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды жасауға үйрету.</p> <p>Шамасы</p>

		<p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) үйрету.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.</p> <p>Кеңістікке балу</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</p> <p>Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту (жел, су, күн, ауа)</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу.</p> <p>Жол ережелері</p> <p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p>
Құрастыру		<p>Құрылыс материалының құрылысы Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру.</p> <p>Қағаз құрылысы Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</p> <p>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Конструктор бөліктерінен құрастыру</p> <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>

Сурет салу		<p>Заттық сурет салу Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі.</p> <p>Сюжетті сурет салу қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Сәндік сурет Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p>
Мүсіндеу		<p>Заттық мүсіндеу Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу Заттарды мүсіндеуге қызығады. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p>
Жапсыру		<p>Заттық жапсыру Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p>Сюжеттік жапсыру Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру Жапсыруда табиғи материалдарды және</p>

		қағазды түрлендіру әдістерін қолдану. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау.</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Билер:Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Ойындар,хороводтар:Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>